

мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипатымен оған сәйкес келетін, дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуы, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлық ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар» [1; 65].

Мәңгілік ел мұраты- аса кең мағынаны қамтитын антропологиялық идея. Ол жердегі тіршілік иелерінің жаралғаннан қазірге дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігімен, ой-арманы, мақсат-мүддесімен қабысып жатады, әрі өмірдің айнасы болған көркем туындыларында әр қырынан бейнеленеді және сол туындылар арқылы адамдарды тәрбиелеп, алға қарай жетелейді. Яғни осы асқақ мұрат ежелден қазірге дейін тек мәңгілік ұғымдармен: ізгілікпен, жанқиярлық рухпен, жеңімпаздықпен, адалдықпен, ақиқатпен тағы осы сияқты болмыста орныққан гуманистік құбылыстармен егіз болып келді. Бұл ұғымдар сонау әлемнің жаралуы, адамның өмірі мен өлімі, аспан денелері мен тау-тастың қалыптасуы, аң-құстардың жаратылысы, тіпті кейінгі батырлар жайлы аңыздарда бейнеленді. Мұны ғалымдар пікірінен көреміз: «... мысалы, қазақ ертегілерінде кездесетін мифтерде «өлі», «тірі» деген ұғымдар бөлектенбейді, мифтік сананың алғашқы кезеңіне тән мұндай өлі мен тірінің бірлігі, толық теңдестігі (тождество) дүние өмірбақи (мәңгі) болады деген түсінік туғызған. Із-түзсіз ештеңе жоғалып кетпейді. Өлім - алғашқы жағдайға қайтып келу. Қазақтың «кісі өлді» дегенді «қайтыс болды», «қайтты» деп айтуының түбірінде осы түсінік жатыр. Ажал ол да өмір, бірақ басқаша өмір. Өлген адам жоғалды деп саналмай, ол басқа өмірге көшті, алғашқы өзінің түсіне қайтып келді деп түсінген [2; 70].

Сол сияқты Темірқазық, Жетіқарақшы жұлдыздарының басқа жұлдыздардан өзгеше болмысын өз тіршілігіне байланыстыра зерттеген көшпелілер жұрттың малын ұрлауды көздеген қарақшылардың түнімен торуылдап, күндіз тығылып қалуы, екі батырдың тұлпарларын (Ақбозат пен Көкбозат) темірқазыққа байлап қойып, Жетіқарақшыны мәңгі аңдуы туралы әдемі аңыздар тудырған. Қазғұрт тауындағы тасқа айналған қырық қыз жайлы мифте ұлттық құндылығымыз жатыр. Серуен кезінде тосыннан жаугершілікке жолыққан байдың қызы өз арнамысын мәңгілікке қорғап қалу үшін тәңірден қырық нөкерімен бірге тасқа айналдыруын тілеген. Тіпті батырлық ертегілердің ежелгі нұсқаларындағы қаһарман өзіне лайықты жар табу үшін әлемді шарлап, көптеген қиындықтарды жеңіп, арман-мұратына жетуі ұлтымыздың бүгінге дейін жалғасқан жеті атаға толмай қыз алыспау ұстанымымен астасып жатыр. Сонда елін, жерін қорғаған батырлардың жауды, апатты жеңіп, ұрпақтан ұрпаққа ұласқан бейбіт өмір кешкені туралы аңыздарды да халықтың мәңгілік ел құру арман-мұратының бір көрінісі деуге болады.

Сөзімізді түйіндесек, жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ілгері дамуымыз үшін өзімізде бар өркениет мұраларымызды бағамдап, замана талабына сай пайдаланып, келешек ұрпақ кәдесіне жарату осы ізденісіміздің мақсаты болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. - 272 б.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4 т. – Алматы: Ғылым, 2001. - 456 б.

ӘӨЖ 801


КЕЙБІР КҮРДЕЛІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ТИПТЕРІ МЕН ҮЛГІЛЕРІ

Хусаинова Нургуль Ергазиевна

Ғаламшарымыздағы көптеген тарихи атаулар – көне өркениеттерден қалған тілдік мұра. Жер-су аттарының пайда болуы этнос тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық құрылысқа, адамдардың кәсібіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсуіне тікелей байланысты.

Жер-су атаулары – тіліміздегі ең көне сөздер ретінде ежелгі замандардан күні бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың рухани мұрасы. Олардың ерекше тілдік табиғаты, тұрақтылығымен бізге беймәлім ата-бабаларымыздың тілінде жасалған ежелгі атаулардың қазіргі тілдік айналымда жүріп, қоғам қажетін өтеуінің өзі – феномендік факт. Мәселен, ұлтымыздың өз атауы қазақ, еліміздің Қазақстан, Қазақ елі атауынан бастап, Каспий, Талас, Ертіс, Сырдария, Талғар, Маңғыстау, т.б. сынды атаулар – ескі заманнан жеткен «заманауи» сипаттағы тарихи атаулар. Бұл атауларды тарихи деп атауымыздың өзі шартты, себебі есте жоқ ерте замандарда пайда болған бұл атаулар әлі күнге дейін белсенді мекенжайлық, мәдени-кумулятивтік қызмет атқарып келе жатқандығымен ерекшеленеді [1; 25].

Күрделі жер-су атауларының типтері мен үлгілерін зерттеу үшін біз сөзжасам мен оған кіретін салалар туралы сөз қылуымыз керек. Қазақ тіл білімінде сөзжасам кеш болса да (1989 жылдардан басталады) жеке сала болып бөлініп шықты. Аз уақыттың ішінде сөзжасамға мынадай теориялық анықтамалар берілді: “Қазақ тілінің сөзжасамы – негізгі зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті айқындалған, зерттеу тәсілі мен әдістері бар, тіл білімінің бір жүйелі саласы” [2; 6], “... Басқаша айтқанда, сөзжасам тілдегі сөз жасау процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді” [3; 8], “Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. Ол – сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі” [4; 191]. Топонимжасам – терминжасам сияқты сөзжасамның ішінен шығады (1-сызба).



1-сызба. Сөзжасам ішіндегі топонимжасамның орны.

Топонимжасамның негізгі құралы, негізгі жасалу бірлігі – сөз. Дара топонимдер де, күрделі топонимдер де сөз бірліктері арқылы жасалады. Тілдің таңбалық сипаты жайлы ғалым Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша: “Тілдік таңба өзара қарама-қарсылықта болатын екіжақты психикалық мәнде болады: таңбалаушы (акустикалық бейне) және таңбаланушы (ұғым). Тілдік таңбалар – адам миында болатын шындықтар. Тіл механизміндегі орталық таңба сөз болып табылады” [5; 66, 68].

Жер бетіндегі әрбір затқа ат беру үдерісі мен осындағы географиялық нысандарға атау беру үдерістерінің арасында көп айырмашылық байқалмайды. Олай болса, Чарльз Огден мен Айвор Ричардс жетілдірген семантикалық үшбұрыш жалқы есімдерге де қатысты болып шығады.


Ч.Огден мен А.Ричардс жетілдірген үшбұрыш термин сөздеріне біршама уақыт өте келе басқа терминдер қосылып отырды. Мына термин сөздер:

А: дыбыстық қатар, таңбалаушы, лингвистикалық бірлік, сөз, ат (атау), денотатор, десигнатор, сыртқы бейне, айтылу, тұлға (форма), символ т.б.

В: зат, денотат, референт, экстралингвистикалық мәнбір, таңбаланушы, десигнат, қатынас жасаушы т.б.

С: ұғым, таңбаланушы, логикалық бірлік, біздің зат туралы түсінігіміз, мазмұн, мағына, мән, ой, қатынас, семантикалық бейне т.б. [6; 17, 18].

Берілген семантикалық үшбұрышты топонимжасамға лайықтап өзгерту арқылы, жаңа, ұқсас үлгі пайда болды (2-сызба):



2-сызба. Топонимжасамның семантикалық үшбұрышы.

Бұл үлгіні топонимжасамның (сөзжасамның) қай тәсілін қолдансақ та басты назарда ұстауымыз керек. Өрқашан географиялық нысан – уәждену – топоним үрдісін қатаң сақтау сапалы топонимжасамның негізі болып табылатыны сөзсіз.

Сөзжасамның ішінде күрделі сөздердің жасалу жолдарына келетін болсақ, барлық еңбектерде аналитика-семантикалық тәсілмен жасалатын туынды сөздерге бірауыздан біріккен, кіріккен, қосарланған, қайталанған, тіркесті сөздерді жатқызады. Қысқарған сөздер туралы біршама авторлар «сөздерді қысқартып алуда сөзжасамдық сипат жоқ» деген пікір қалдырып ескертеді [7; 279].

«Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау – сөзжасамның өте көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі системалы тілдерге кең тараған» [3; 89]. Осы тұжырым берілген еңбекте дәлел ретінде көне түркі тілінде кездескен мынадай атаулар бар: Бешбалық, Қаракөл, Ыдықбаш. Осымен қоса, күрделі сөздердің географиялық атаулар мен кісі аттарында жиі кездесетінін негізге ала отырып, сөз жасаудың аналитикалық тәсілі түркі тілдерінде жер-су, кісі аттарынан басталған деген зерттеу тұжырымы құнды [3; 91].

Біршама ғалымдардың пікірінше, бірігу арқылы жасалған күрделі сөздер сөз тіркестерінен бастау алады. Осы секілді пікірлерді С.Исаев, Н.Оралбай және т.б. ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. Сөздерді бірге жазудағы негізгі фактордың бірін тілші-ғалым А.Салқынбай келтіреді. Автор атаудың екі себепші негіздің бірігуі арқылы жасалатынын және бір таңба ретінде даяр қалпында жұмсалатынын айта келіп: «Ең бірінші сөздердің бірігуі жаңа атау жасау процесінің толық аяқталып, денотаттық мағынаның қалыптасқанын танытады ... Денотаттық атаулардың бірігіп жазылатыны – қолға ұстап, көзге көрінетін нақты, деректі зат атауы болуымен тығыз байланысты болуы керек», – дейді [2; 248,249].

Жоғарыда қарастырылып өткен мәселелер аналитика-семантикалық тәсілдің қағидасы топонимжасамға толығымен сәйкес екендігін көрсетеді. Оның басты себебі – топонимнің сөз

категориясына неғұрлым жақындығы. Туынды сөздер тәрізді топонимдер де бірігу, қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы күрделі атауларға айнала алады екен. Күрделі жер-су атаулары дамудың кейінгі сатысының жемісі және олар бірнегізді топонимдер арқылы жасалады.

Қазақ тілі сөзжасамын атау теориясы тұрғысынан алып қарастырып жүрген ғалым А.Б.Салқынбай «сөзжасамдық тип» терминін «сөзжасамдық қалып», ал «сөзжасамдық модель» терминін «сөзжасамдық үлгі» деп алады. «Сөзжасамдық қалып туынды сөзді жасаудың негізгі жолдарын белгілейді... Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдердің өзіне тән сөзжасамдық қалыптары бар. Мысалы, фонетикалық қалып: көз-көр, кел-кет; семантикалық қалып: үй-үй-үй; аналитикалық қалыптар: Сарыарқа, қолғап; әке-шеше; көзі ашық, ой салды т.б.» [2; 123-124].

Ал «сөзжасамдық үлгі» ұғымы «сөзжасамдық қалып» ұғымынан тар және құрамындағы ортақ тұлға арқылы бір үлгіге жататын туынды сөздерді қамтиды. Бұл ортақ тұлғалар ортақ сема қалыптастырады. Сөзжасамдық үлгі барлық сөзжасамдық тәсілге тән болғанымен, әсіресе синтетикалық тәсілде айқын көрініс береді. Мысалы, етістік + сөз тудырушы жұрнақ -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: басқыш, өшіргіш, отырғыш, шалғыш т.б.

Сонымен, «модель дегеніміз – белгілі бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекі үлгісі. Модельдің құрамында сол түпнұсқаға тән белгілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады» [8; 5].

Қазақстан топонимдерінің құрылымдық-семантикалық табиғатын зерттеген В.Н.Попова мынадай үлгілерді ұсынған:

зат есім + зат есім (Түзкөл, Мойынөзек);

сын есім + зат есім (Шолаққарасу, Жамансор, Құрсай); сан есім + зат есім (Бескепе, Екібастұз);

етістік + зат есім (Қайнарбұлақ, Нарөлгенсай) т.б. [9; 30-31].

Көрнекті ғалым Э.М.Мурзаев түркі топонимдеріне тән құрылымдық типтерді былайша топтастырады:

«бірінші тип: аппелятивке тең қосымшасыз топонимдер; екінші тип: аппелятивке тең қосымшалы топонимдер; үшінші тип: екісөзді қосымшасыз топонимдер:

1 –модель: сын есім + зат есім; 2 –модель: зат есім + зат есім; 3 – модель: сан есім + зат есім;

4 –модель: сын есім + сын есім;

Төртінші тип: екісөзді қосымшалы топонимдер; Бесінші тип: көпсөзді қосымшасыз топонимдер; Алтыншы тип: көпсөзді қосымшалы топонимдер; Жетінші тип: етістікті [10; 82].

Бұл топтастырулар (Э.М.Мурзаев, О.Т.Молчанова, В.Н.Попова) сөзжасамдық емес, құрылымдық талдауды мақсат тұтқан болса да, біз зерттеу жұмысымызда бұл тұжырымдардан бастысын ала отырып сөзжасамның аналитика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған күрделі жер-су атауларының типтік модельдерін қарастырамыз. Мысалы:

«Қараған» зат есімі + зат есім

Қараған сөзі «күй талғамайтын бұта тұқымдас өсімдіктің» аты, фитоним.

«Қараған бұтасы бар, мол өсетін жерлерді» таңбалау арқылы топонимжасамға белсене араласады: Бозқараған, Қарағансай, Қарағанды т.б.

Қараған + айрық (өзен. ШҚО, Абай ауд.) Қараған + ауыл (жұрт. ШҚО, Ұлан ауд.) Қараған + жал (көл. ШҚО, Аягөз ауд.)

Қараған + құдық (құдық. Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) Қараған + сай (арна. Маңғыстау обл., Қарақия ауд.)

«Құр» үстеу сөзі + зат есім

Құр сөзінің бір мағынасы «бекер, бос, текке, жай» (ҚТТС, 6 том, 490) болып келеді де, үстеу сөз табына жатады. Топонимжасамда «болуға тиісті нысаны жоқ, бос қалған екінші нысанды» атап көрсетеді.

Құр + аша (жыра. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

Құр + бет + көл (көл. Қостанай обл., Ерейментау ауд.) Құр + бұлақ (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)

Бұл мысалдардан кейбір күрделі жер-су атауларының үлгілерін көре аламыз. Осы секілді мысалдарды жинақтап, оларды тип пен үлгілерге жіктеу арқылы күрделі жер-су атауларының тип пен үлгілері жүйеленіп көрсетіледі.

«Сөйтіп, сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау жеке-жеке сөзжасам үлгілері болып табылады» [7; 279]. Топонимжасамның аналитика-семантикалық тәсілмен пайда болатын туынды топонимдерінің ішінде біріккен жер-су аттары қомақты орын алатыны белгілі. Кіріккен, тіркесіп, қосарланып, қысқарып жасалған атаулар да бар, бірақ олардың саны көп емес.

Қорытындылап айтқанда, сөзжасамдағы секілді топонимжасамда да аналитика-семантикалық тәсіл арқылы туынды топонимдер жасалады және біздің басты мақсатымыз – ол топонимдердің типтері мен үлгілерін анықтау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ Т. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 568 б.
2. Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия ЖАҚ, 2002. – 784 б.
5. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики / Пер. с фр. А.М.Сухотина. М.: Логос, 1998. – 296 с.
6. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография / Б.Бияров. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. – 304 б.
8. Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. Оқу құралы. I бөлім. – Алматы: «Арыс», 2005. – 112 б.
9. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование): автореферат дисс. на соискание уч. степени доктора филол. наук. – Алматы, 1997. – 62 с.
10. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. – М.: Восточная литература РАН, 1996. – 230 с.

ӘОЖ 81`373

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЗДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хамитова Айгерим Тауасаровна

hamitova_1985@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті

7M01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. Сәрсек